



Ембі ТЫНЫСЫ

№5 (148)
МАМЫР
2026 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

КӘСІБИ МЕРЕКЕ



Құрметті химия өнеркәсібі қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!

Химия өнеркәсібі – заманауи экономиканың қозғаушы күші.

Кен алаңдарындағы зертханалық талдау лабораториялары – өндірістегі аса маңызды құрылымдардың бірі. Өндірілген өнім сапасы зертханаларда қорытынды бақылаудан өткеннен кейін тапсырылу үшін жөнелтіледі. Демек, мұнайдың құрамын анықтау, сапасын тексеру, мұнайды технологиялық дайындаудың әр кезеңінің жоспарлы жүруін бақылауда химиялық талдау лаборанттарының үлкен қолтаңбасы жатыр.

Техникалық тұрғыдан сауаттылықты, аса жауапкершілікті талап ететін бұл жұмыс кез келгеннің ырқына көне бермейді. Зертханада абыройлы еңбек ету тек білімді әрі білікті маманның ғана қолынан келеді.

Қазіргі таңда Ембімұнайгаздың өндірістік басқармаларында 20-ға жуық лаборатория жұмыс істеуде. Соңғы үлгідегі жабдықтармен қамтылған зертханаларда 90-нан астам инженер-химик және химиялық талдау зертханашысы қызмет етіп келеді. Соңғы заманауи құрылғыларды меңгерген сала мамандары мұнайдың құрамындағы су, тұз, механикалық және өзге де бірнеше қоспалардың мөлшерін, тұтқырлығы мен тығыздығын нақты анықтайды. Сондықтан, аталған бағытта қызметтерін сапалы атқарып жүрген қызметкерлердің еңбегін аса жоғары бағалаймыз.

Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз, жаңашыл ойлау және қауіпсіздікке аса мән берулеріңіз саланың дамуына, өнім сапасының жоғары стандарттарын сақтауына зор ықпал етуде.

Төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке-шаттық пен еңбектеріңізге толымды табыстар тілейміз!



Құрметті экологтар!

Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!

Табиғаттың байлығы – барша келер ұрпақтың игілігі. Елімізде табиғатты ұтымды пайдалану және экологиялық ахуалды жақсарту мәселелерін шешуге бағытталған міндеттер әрқашан алдыңғы қатарға қойылады. Біздің өмір сүру сапамыз осыған тәуелді. Осы орайда, бүгінде жер қойнауын пайдаланушы компания ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің басты міндеті мұнай және газды өндіру мен экологиялық ахуалды жақсарту мәселелерін шешуге бағытталған міндеттерді және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануға ерекше көңіл бөлуде.

Бүгінде кәсіпорында өндіріске жоғары деңгейлі технологияны енгізу арқылы кәсіпорындарда қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа зиянды әсерді барынша болдырмау шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Компанияға қарасты мұнай-газ кен алаңдарына өндіріс қалдықтарын залалсыздандыру жолында жүзеге асып жатқан жұмыстар бүгінгі таңда жақсы нәтижелерін көрсетуде. Сондықтан, бұл бағыттағы сіздердің еңбектеріңізді әрқашан жоғары бағалаймыз және әрбір маманды өз ісінің кәсіби шебері деп білеміз.

Сіздердің үйлесімді жұмыстарыңыздың нәтижесінде Компания бойынша табиғатты қорғау саласында едәуір жетістіктерге қол жеткізілді. Қоршаған ортаны сақтауға және жақсартуға деген адал талпыныстарыңыз үшін алғыс білдіреміз!

Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Ізгі тілекпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

САУЫҚТЫРУҒА ҚАДАМ: ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ҚАНДАЙ?

«Денсаулық – зор байлық» демекші, әр адам, ең алдымен өз саулығына өзі жауапты болуы керек. Салауатты өмір салтын сақтанып, дұрыс тамақтану әдісін күн тәртібіне енгізген адам кез-келген аурудың алдын ала алады.

3

МҰНАЙШЫ - КЕПТЕРШІЛЕР

Атырау өңірінде көгершін асырайтындар көп. Қажеттіліктен емес қызығушылықтан. Солардың қатарында кептер өсіруді хоббиына айналдырған мұнайшылар да бар.

5

КӨШБАСШЫЛЫҚҚА АПАРАР ЖОЛ: ШЕБЕРЛІК ПЕН ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Көшбасшылық – бұл лауазым емес, әсер ету қабілеті. Әрбір қызметкер, соның ішінде, әйел адам өз ортасында өзгеріс жасай алады».

6

СЕРІКТЕСТЕР

ӨНДІРІС ПЕН БІЛІМНІҢ СИНЕРГИЯСЫ



алаңы салынған.

2025 жылғы қыркүйекте ашылғаннан бері бұл жерде «Мұнай-газ ісі», «Электр энергетикасы», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандықтары бойынша білім алып жатқан 800-ден астам студент практикалық дайындықтан өтті. Бұдан бөлек, Summer Industrial school (университет базасындағы жазғы индустриалды мектеп) аясында Қазақстандағы басқа жоғары оқу орындарынан, сондай-ақ, Ресей, Әзербайжан, Қытай елдерінен келген студенттер дәріс алып, практикалық тәжірибеден өтеді деп күтілуде.

— Білікті кадрларды даярлау — ҚазМұнайГаз үшін басты басымдықтардың бірі болып қала

кадрлар даярлаудағы бағытының дұрыс екенін айғақтайды. Полигон — студенттердің оқулықтағы білімін нақты өндірістік қондырғыларда сынап көретін «инновациялық зертханасы». Бұл жас мамандардың жұмыс орнына келгенде бейімделу кезеңін барынша қысқартады.

Университет басшылығының мәлімдеуінше, «ҚазМұнайГаз» секілді ұлттық компанияның оқу процесіне тікелей қатысуы — оқу бағдарламаларының нарық талаптарына сай болуын қамтамасыз етеді. Студенттер саланың ішкі процестерімен танысып, заманауи цифрлық және технологиялық шешімдерді игереді.

Кездесу барысында талқыланған халықаралық ынтымақтастық пен

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА ЛАУАЗЫМ
ҮЛКЕН МІНДЕТТЕР
ЖҮКТЕЙДІ

«Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының бұйрығына сәйкес Компанияда төмендегідей кадрлық тағайындаулар болды:



«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бас инженері лауазымына **Нұрлыбек Аққалиұлы Мұқанов** тағайындалды. Ол бұған дейін «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-технологиялық департаменті орталық инженерлік-технологиялық бөлімінің ауысым бастығы қызметін атқарған болатын.



«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бас технология қызметіне **Қайрат Мұратұлы Нсанбаев** тағайындалды. Жаңа қызметке дейін Қ.Нсанбаев мұнай және газ өндіру департаменті мұнай және газ өндіру бөлім бастығының орынбасары лауазымында еңбек етті.



«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бас технология болып **Қуаныш Орынғалиұлы Айтұғанов** тағайындалды. Бұған дейін Қ.Айтұғанов өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы болып жұмыс жасады.



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Атырау облысына жұмыс сапары барысында С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті жанындағы оқу-өндірістік полигонына барды.

Жалпы жер аумағы 4 гектарды алып жатқан полигон ҚМГ-ның еншілес кәсіпорны — «Ембімұнайгаз» АҚ қаржылық қолдауымен салынған. Бұл оқу полигоны — жер қойнауын бар-

лаудан бастап, көмірсутек өңдеуге дейінгі өндірістік процестердің толық циклі бар мұнай-газ өндіру мекемесінің шағын моделі.

Полигон заманауи зертханалармен, оқу-өндірістік алаңдармен және кәсіби дағдыларды жетілдіруге арналған тәжірибелік қондырғылармен жабдықталған, сондай-ақ, инновациялық технологиялық шешімдерді сынау аймақтары бар.

Мұнда жерасты жөндеу жұмыстарын меңгеруге арналған екі ұңғыма бұрғыланған, сонымен қатар, болашақ мамандар практикалық тапсырмаларды орындайтын 15 оқу

береді. Ұлттық компания мұнай-газ саласында сұранысқа ие мамандарды дайындау үшін жағдай жасауға ерекше мән береді. Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы ашыған полигон болашақ мұнайшыларға практикалық тәжірибені үйренуге және заманауи өндірістік процестермен танысуға жол ашады, — деді А.Хасенов.

Қазіргі уақытта оқу-өндірістік полигоны толықтай С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің балансына берілді.

Бұл сапар университеттің кәсіби

тәжірибе алмасу бағдарламалары университеттің заманауи стандарттарға жақындауына мүмкіндік береді. Бұл жерде студенттер тек жұмысшы емес, жаңа технологияларды енгізетін, саланың тиімділігін арттыратын инженер-жанаушылар ретінде қалыптасады.

Бұл кездесу — университет пен өндіріс арасындағы алтын көпірді нығайтудың айқын көрінісі. Мұндай ынтымақтастық энергетикалық тәуелсіздігіміз бен ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, сауатты да білікті мамандардың жаңа буынын тәрбиелеуге негіз болмақ. **ET**



БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Ембімұнайгаз» АҚ-дағы басты құндылық – адам өмірі мен денсаулығы. Осы стратегияны әрдайым басты назарда ұстаған Компания жұмысшыларға қолайлы еңбек жағдайын жасау, денсаулықтарын сақтау, бос уақыттарын тиімді пайдалану бағытында кешенді шараларды қолға алып келеді. Ағымдағы жылдың сәуір айында Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті қызметкерлерінің бастамасымен осы бағытта тағы бір игі бағдарлама іске қосылды. Ол - «Ембімұнайгаз» АҚ персоналының денсаулығына мониторинг жүргізу және оны сауықтыру шараларын іске қосу бағдарламасы».

САУЫҚТЫРУҒА ҚАДАМ:

ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ҚАНДАЙ?



«Аталған бағдарламаны жүзеге асырудың жұмысшыларға қандай тиімді тұстары бар?» деген сауал төңірегінде Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуаныш Калидуллинмен сұхбат өрбіткен едік...

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МЕАТЕКСЕРІС: НӘТИЖЕ НЕНІ КӨРСЕТТІ?

- Қуаныш Мәдениетұлы, әңгімемізді аталған бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі мақсатынан бастасақ. Жобаның артықшылығы неде?

- Стратегиялық бағдарламаны қолға алуға бірнеше мақсат себеп болды. Біз қызмет барысында Компания жұмысшыларының денсаулығына жүйелі мониторинг жүргізіп, атаулы сауықтыру іс-шараларының стандарттарын жүргізіп келеміз. Атап айтсақ, жұмысшыларды жыл сайынғы міндетті медициналық тексерістен және күн сайынғы медициналық бақылаудан өткізу жұмыстары бірқатар нәтижелерді аңғартты.

Сайып келгенде, созылмалы дертке шалдыққан жұмысшылардың қатары көбеюін тәжірибенің өзі көрсетті. Сондықтан, аталған бағдарламаны қолға алудағы негізгі мақсат – Компания жұмыскерлерін дұрыс тамақтануын, тұрақты дене белсенділігіне, зиянды әдеттерден бас тартуға, еңбек және демалыс режимін сақтауға, стрессті басқаруға ықпал ету арқылы аурулардың алдын алу және еңбек ету қабілетінен айырылу қаупін азайту болып отыр.

- Бағдарламамен толық танысып шықтық. Байқағанымыздай, бағдарлама кешенді және профилактикалық сипатқа ие. Құжатты дайындау барысында қандай заңнамаларға сүйендіңіздер?

- Иә, бағдарлама өндірістік жағдайларды, еңбек қызметінің ерекшеліктерін және қолданыстағы нормативтік талаптарды ескере отырып іске қосылды. Мамандарымыз нақты мониторингтер жүргізгеннен кейін әр бағытты қамтуға тырысып, жан-жақты зерттеулер, сауалнамалар жүргізді.

Аталмыш құжат ҚР Еңбек кодексіне, «Денсаулық сақтау жүйесіндегі Халық денсаулығы туралы» ҚР Кодексіне, сондай-ақ, еңбекті

қорғау, медициналық қамтамасыз ету және аурулардың алдын алу мәселелерін реттейтін ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жан-жақты әзірленді.

ДЕНСАУЛЫҚ – ЖАЙ ҰҒЫМ ЕМЕС...

- Жалпы, бағдарламаны жүзеге асыру қандай іс-шараларды қамтиды?

- Бағдарлама аясында бірқатар кешенді іс-шараларды жүргізу көзделіп отыр. Атап айтсақ, ең бастысы – өндірістік бақылау жүргізу. Бұл дегеніміз – жұмыскерлердің санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, зиянды әдеттер мен тәуелді бақыланбайтын мінез-құлқының (темекі шегу, алкоголь, есірткі және психикалық, синтетикалық есірткі заттарын пайдалану, лудомания) алдын алу іс-шаралары. Бұл да – қызметіміздің негізгі бағытының бірі.

Бұған қоса, кәсіби тәуекелдерді бағалау, жұмыскерлерді міндетті ауысым алдындағы медициналық куәландырудан және міндетті медициналық тексеруден өткізу, дене белсенділігін арттыруға, дұрыс тамақтануға бейімділікті қалыптастыруға, күйзеліске қарсы күреске бағытталған және тәуекел тобының жұмыскерлеріне арналған профилактикалық іс-шараларды жүргізу көзделіп отыр.

Бірақ, «Денсаулық – зор байлық» демекші, әр адам, ең алдымен өз саулығына өзі жауапты болуы керек. Салауатты өмір салтын сақтанып, дұрыс тамақтану әдісін күн тәртібіне енгізген адам кез-келген аурудың алдын ала алады.

- Сіз атап өткен іс-шаралар қандай форматтарда өтеді?

Дене белсенділігін арттыруға, салауатты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және салауатты өмір салтына бейімдеуге бағытталған корпоративтік марафондарды, челленджерді ұйымдастыру қолға алынады. Осы жерде нақтырақ тоқталсақ, Біз бағдарламаны қалай жүзеге асырмақпыз? Мұнайшыларға да осы сауалдың жауабы маңызды екені түсінікті.

Ең бастысы, бұл бағытта корпоративтік жиындармен қоса, отбасылық шараларға да назар аударып отырмыз. Мәселен, соның бірі – «Алтын ұя» эстафетасы - отбасылық құндылықтарды, бірлікті, сүйіспеншілікті және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған спорттық шара.

Бұл сайыстың қысқаша ережесіне тоқталсақ, жарыс 7 эстафеталық кезеңнен тұрады. Дода шарттары бойынша қатысушылар жылдамдық пен ұйымшылдық, дәлдік, күш сынасу, кедергілерден өту қабілеттерін көрсете білуі керек.

Бұл жоба Ембіде бұрын-соңды да ұйымдастырылған «Әкем, анам және мен» сайысының аналогы болып табылады. Яғни, мұндай шараны өткізуде біздің тәжірибеміз бар. Сондықтан, жұмысшылар арасында қолдау табатынына сенеміз. Бір ерекшелігі – ата-анасымен бірге отбасындағы 7–10 жас аралығындағы 2 бала қатысады. Яғни, командалар құрамы 4 адамнан құралатын болады.

Тағы бір корпоративтік шара – мұнайшылар арасында денсаулықты күту мақсатындағы ұйымдастырылатын «Jana Men» марафоны.

Сайысқа ниет білдірген барлық қызметкерлер қатыса алады. Ең бастысы, дене салмағының төмендеуіне

қоллау және санитарлық-ағарту жұмыстарын, ғылыми-әдістемелік негіздеу жөнінде Т.Шарманов атындағы Қазақ тамақтану академиясымен ынтымақтаса жұмыс жасау жұмыстарын жүргізу қолға алынады.

ботқасы, скрембл, қаймақ қосылған құймақ, қантсыз шай, қара бидай нан ұсыныса, түскі аста көктемгі салат, жасымық езбе сорпасы, сүтті тұздықпен пеште пісірілген сиыр етінен котлет, қайнатылған



құрақұмық гарнирі, қантсыз қаркаде шайы, айран, қаймақ қосылған бәліш беріледі. Ал, кешкі ас мәзіріне қаймақ қосылған винегрет салаты, қаймақ тұздығында бұқтырылған тауық еті, бұқтырылған қырыққабат, мейіз қосылған сәбіз кексі, қантсыз кампот енгізілген.

Бүгінде дұрыс тамақтану жобасы

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДАН БАСТАЛАДЫ

- Бағдарлама аясында қолданысқа енгізіліп, жұмысшылар тарапынан қолдау тауып жатқан бастамалар да бар секілі?

- Иә, сәуір айынан бастап Компанияға қарасты бірқатар кен орындарының асханаларында жұмыскерлердің дұрыс тамақтану рационы әзірленіп, ас мәзіріне енгізілді.

Бұл жоба энергияның тұрақты деңгейін ұстап тұруға, асхананың әдеттегі форматын өзгертпестен денсаулықты нығайтудың ұтымы әдісін қалыптастыруға бағытталған. Жобаның негізгі мақсаты – болашақта артық салмақ пен созылмалы аурулардың қаупін азайта отырып, мұнайшыларды дұрыс және пайдалы тамақтанумен қамтамасыз ету.

Тағамдарды дайындау кезінде оның дәмі мен құнарлы құндылығын сақтайтын әдістер қолданылады: бұқтырып пісіру, бұмен пісіру, пароконвектоматта пісіру. Дұрыс тамақтану рационы таңертенгілік, түскі және кешкі ас кезінде ұсынылады.

Айта кетсек, жаңа қызмет «Ембімұнайгаз» АҚ ұсынысымен «KMG EP-Catering» ЖШС мамандары арқылы ұйымдастырылып отыр. Арнайы ұстал саласындағы сарапшының қатысуымен білім беру семинарларын, дәрістерді, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру, психологиялық

Біз үшін бұл – жаңа бастама. Сондықтан, мәзір құрамына ерекше назар аудардық. Мәселен, таңғы ас кезінде тауық етінен рулет, сары май, алма қосылған сұлы

ембілік кен орындарындағы 32 асханаға енгізілді. Әлеуметтік желілер арқылы жұмысшылар бұл бастамаға оң пікірлерін білдіріп, кері байланысқа шығып жатыр. Жобаның бастамасына мониторинг жүргізу барысында вахта сайын дұрыс тамақтану рационына жұмыскерлерден сұранысқа артып келе жатқандығын байқадық. Бұл жұмыстар әлі де жалғасын табатын болады.

- Сіз бір сөзіңізде бағдарламаның стратегиялық жоба екеніңізді айтып өттіңіз. Оның орындау барысындағы негізгі экономикалық нәтиже айқындалатын жұмыстарды да атап өтсеңіз...

- Иә, бағдарламаны іске асыруға дейінгі және процесіндегі көрсеткіштерді салыстырмалы талдау оның нәтижелілігін объективті бағалауға және қажет болған жағдайда анықталған медициналық және өндірістік тәуекелдерді ескере отырып, іс-шаралар тізбесін түзетуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде, кешенді шаралар анықталады. Атап айтсақ, диспансерлік топтар бойынша жұмыскерлерді бөлу (Д1-Д6), еңбекке уақытша қабілеттілігін жарамсыз тудыратын сырқаттанушылық көрсеткіштерін (100 жұмыс істеушіге шаққандағы жағдайлар мен күндер), жұмыскерлердің сауықтыру және спорттық іс-шараларға тартылу динамикасы, медициналық көмекке жүгіну деңгейін және тағы басқаларды анықтауға септігін тигізеді.

- Сұхбатыңызға рахмет! Бағдарламаның сәтті жүзеге асуына тілектеспіз. ET

ЦИФРАНДЫРУ

УАЗ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КЕН АЛАҢЫ: ТАБЫСТЫ ЖОБАҒА – 10 ЖЫЛ



Атырау облысындағы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Уаз кен орнында «Интеллектуалды кең алаңы» жобасының іске қосылғанына биыл тура 10 жыл толып отыр.

Осылайша, ҚазМұнайГаздың еншілес кәсіпорны Ембімұнайгаз Қазақстанның мұнай-газ секторында алғашқылардың

бірі болып мұнай өндіруді онлайн бақылау жүйесін енгізді.

Жоба аясында «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Уаз кен орындары тобының (Уаз, Шығыс Уаз және Солтүстік Уаз) 80 мұнай ұңғымасы бір мезетте бір орталықтан басқарылады.

Соңғы жылдары аталған кеніштерде өндірістік көрсеткіштің тиімділігі айтарлықтай артты. Нақтыласақ, жоба енгізілгеннен кейін ұңғымаларды жөндеуаралық кезеңі

36%-ға өсіп (866 күннен 1340 күнге дейін), электр энергиясын тұтыну 35%-ға төмендеді. Ал, тұрып қалуларды азайту есебінен мұнай өндірудің жетіспеушілігі 9%-дан астам көрсеткішке қысқарды. Бұдан бөлек әр ұңғымадағы мұнай өндіру есебі бірыңғайланды.

Кен орындарынан алынған барлық ақпарат Компанияның бас кеңсесінде орналасқан Өндірістік жедел басқару

орталығына онлайн режимде жіберіледі.

Өзінің тиімділігін дәлелдеген жемісті тәжірибе қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 12 кен орнына таратылды.

Айта кету керек, Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, цифрлық жобаларды белсенді түрде енгізуді жалғастыруда. **ET**

КОМИТЕТ ОТЫРЫСЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқару аппараты кеңсесінде 2026 жылдың қаңтар-сәуір айларының қорытындысы бойынша еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік комитетінің отырысы өтті. Жиынға Компания басшылығы мен жауапты қызметкерлері, өндірістік-құрылымдық бөлімшелер басшылары қатысты.

Шараны ашқан «Ембімұнайгаз» АҚ бас технологы Серік Әбдиев аталған кезең Компания үшін табысты болғандығын, өнім өндіру көрсеткіші жоспарға сай орындалғанын, бұл табыста барлық ембілік мұнайшының үлесі бар екендігін атап өтті. Сондай-ақ, еңбекті қорғау және

өндірістік қауіпсіздік бойынша аталған кезеңдегі көрсеткіштерге тоқталып, белсенді ашық пікір алмасуға шақырды.

Шара барысында Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер басшылары ағымдағы жылдың алғашқы 4 айында еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласы бойынша атқарылған жұмыстарға есеп берді. Айта кету керек, басқарма басшылары жазатайым оқиғалар, өрт, жылдамдық асыру жағдайларына егжей-тегжейлі тоқталды. Назар аударатын мәселе, әсіресе, бизнес серіктестер тарапынан жылдамдық режимі бұзылған жәйттер жиі орын алған. Серік Әбдиев басқармалар басшыларына осы мәселені қадағалауда ұстауды тапсырды.

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Мұратбек Қуримов

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ ТАЛАП



2025-2026 жылдар аралығында тіркелген оқиғалар бойынша талдау жасап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тарапынан түскен ұсыныстардың орындалысы басты назарда екендігіне, қауіпсіздік техникасын сақтау мәселесіне баса назар аударды. Соның ішінде, тіркелген жағдайлардың басым бөлігі құлау салдарынан орын алып отырғанына алаңдаушылық білдірді.

Сонымен қатар, өндіріс аумағында жазатайым оқиғаларды алдын-алу мақсатында қауіпсіздік талаптарына бақылауды күшейту мәселесіне баса назар аударды.

– Алда жаз мезгілі келе жатыр. Өздеріңіз білесіздер, қауіп жоғары кезең. Сондықтан, өрт қауіпсіздігі шараларын және дала өртінен сақтануды қатаң қадағалау керек, - деп нақты тапсырған С.Әбдиев тек бірлескен жұмыстың нәтижесінде ғана кез-келген қауіп пен тәуекелдерден аулақ болып, жаракат алудың нөлдік деңгейіне қол жеткізетінімізді баса айтты. **ET**

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ОЛАРДЫҢ ҰСТАНЫМЫ - САПА МЕН ДӘЛДІК

Қазақстанда жыл сайын мамыр айының соңғы жексенбісінде химия өнеркәсібі қызметкерлерінің күні аталып өтеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен алаңдарындағы мұнай дайындау және айдау цехтары лаборанттарының жұмыстары үлкен маңызға ие. Қара алтынның құрамын анықтау, сапасын тексеру, мұнайды технологиялық дайындаудың әр кезеңінің сапалы жүруін қадағалауда олардың өлшеусіз үлесі бар. Бүгінгі кейіпкерлеріміз – аталған салаға ғұмырын арнап, ізбасарлар дайындауда да көпке үлгі жанар.

ЕМБІНІҢ 3 ДҮРКІН «ҮЗДІГІ»

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ Забурын кен орнының мұнай дайындау және айдау цехының лаборанты **Ләззат Идиркенова** 1996 жылдан бері аталған салада еңбек етіп келеді.

- Кез келген кәсіпорынның дамуы, алдымен, шебер жұмысшыларға байланысты. Жұмысымыз өте жауапты болғандықтан, мұқияттылықты, нақтылықты талап етеді. Әр өлшемге дәлдікпен қараймыз.

Қызметіміз бір зертхананың ішінде жүреді. Дегенмен, мұнда да қауіпсіздікті сақтау – басты қағида. Ақ халат, респиратор, қорғаныс көзілдірік пен бәтенеке, резеңке қолғап, орамал – күнделікті сақтық шараларды қамтамасыз ететін құралдарымыз, - дейді ол.

Оператор 2 сағат сайын әкелген сынаманың тұзын, суын, тығыздығын өлшеп, химиялық құрамын айыру – лаборанттардың негізгі міндеті. Соның негізінде ұңғымалардағы сулану деңгейі анықталады.

Ләззаттың анасы да химиялық лаборант болып еңбек еткен. Кішкентайынан анасының жұмысын көріп өскен ол аталған мамандық иесі болуды бала кезден армандаған.

- Ізімізді жалғап жастар келіп жатыр, - дейді кейіпкеріміз бізбен әңгімесінде. - Білгенімізді үйретіп, тәжірибемізбен бөлісіп келеміз. Өзіміз де жыл сайын кәсіби біліктілігімізді арттырып, «Үздік маман» байқауына қатысып тұрамын. Спортшылар сияқты мен де – үш дүркін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның үздік маманымын. Одан бөлек, «ҚазМұнайГаз» ҰК үздігі, «Татнефть» компаниясында өткен халықаралық жарыста жақсы нәтиже көрсеттім. Сейтіп, оқу мен тәжірибені ұштастырып, біліктілігімізді арттырдық.

Өз жұмысымды жақсы көремін, мақтан тұтамын. Жаңа қондырғылар келіп, зерттеулеріміздің ауқымы да кеңейді. Жұмысқа қуанышпен келіп, жанұмызға сағынышпен ораламыз. Нағыз бақыт деген де осы емес пе?! деген ол Компания қызметкерлері арасында өткізілетін «Үздік маман» салалық сайысының үлкен стимул екенін атап, өзін сынау үшін жыл сайын қатысатынын жеткізді.

КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІНДІ КӨРЕТІН МАМАНДАР

Дәлдік, нақтылық, ұқыптылық және әрбір нәтиже үшін үлкен жауапкершілік жүктелетін салада **Самат Матаев** 10 жылға жуық еңбек етіп келеді. Бүгінде «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басқармасына қарасты Прорвадағы газ дайындау және күкірт алу цехының инженер-химигі болып қызмет атқаратын Самат Матаев Ембидегі еңбек жолын 2017 жылы аталған цехта химиялық талдау лаборанты болып бастаған. 2022 жылы инженер-химик болып ауысты.

Бұл мамандықты ол бала кезден армандаған. Өзі – Ақтөбе облысының тумасы. Мектеп кезінде қалалық, облыстық олимпиадаларға жиі қатысып, білімін шыңдаған. Бала арман алға жетелеп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша тәмамдады.

- Бізге қателесуге болмайды. Сондықтан, әр сынаманы алу үшін аса мұқияттылық қажет. Бізді жұртшылық шикізаттың құрамын анықтап, оның «тілін» түсінетін жан ретінде біледі. Сол себепті, «лаборанттар – көзге көрінбейтінді көріп, дәлелдейтін маман» деп бекер айтылмайды. Зертхана ішіндегі тыныштықта – үлкен жауапкершілік пен сенім жатқанын жақсы сезінеміз, - дейді Самат Матаев.

Қазіргі таңда аталған цехта Самат Матаевпен бірге 4 лаборант еңбек етуде. Олар үнемі бір-бірімен кеңесіп, ақылдасып, лаборатория қызметіне жан бітіруге тырысады.

PS. Иә, мұнай-газ саласында жауапкершілігі аз мамандық жоқ. Әрқайсысы өз алына күрделілігімен, стратегиялық маңыздылығымен ерекшеленеді. Ал, соның ішінде зертхана қызметі – нәзік және маңызды бағыттардың бірі. Бұл саланың «нәзіктігі» – оның жоғары дәлдікті және кәсібилікті талап ететіндігіне.

Сала мамандарын кәсіби мерекелермен құттықтап, өндірістік табыс, дендеріне саулық, отбасыларына амандық тілейміз! ЕТ



Қазір көгершінді бағып-баптау көп адамның ермегіне айналып үлгерді. Соның ішінде, Атырау өңірінде көгершін асырайтындар көп. Қажеттіліктен емес қызығушылықтан. Солардың қатарында кептер өсіруді хоббиына айналдырған мұнайшылар да бар. Мақат кентінде тұратын **Самат Қапақовтың үйіне барғанымызда ол бізді жылы шыраймен қарсы алып, көгершіндерімен таныстыруға қорасына қарай бағыттады.**

МҰНАЙШЫ - КЕПТЕРШІЛЕР

ҚАРА МОЙЫН, СҰР ҚҰЙРЫҚ, АҚ, САРЫ, ҚАРА....

Самат Қапақов «Қайнармұнайгаз» МГӨБ басқармасында материалдық-техникалық жабдықтау қоймасының 3 дәрежелі жүкшісі болып еңбек етеді. Қазіргі таңда оның 40-қа жуық көгершіні бар.

Оның көгершіндерге деген қызығушылығы сонау мектеп жасынан басталған. Ата-анасының қарсылығына қарамастан, 7-8 сынып оқып жүргенінде үйге 4 көгершін алып келіп, өсіріп бастайды. Міне, сол балалық кезден бастау алған құс асырау ісі бүгінде Самат Қапақовтың қорасында жалғасып қанатын кеңге жайып, 35 жылдай уақыт бойы кептерлер оның нағыз «достарына» айналған. Қаз-қатар тізілген түрлі көгершіндер бізбен сәлемдескендей бастарын изеп жатты. Шетінен әдемі. Бейбітшілік құсы саналатын осы бір тіршілік иесіне қарап, жаның тыныштыққа бөленеді, шаршағаныңды ұмытасың. Ішкі жан дүниені тек осылар ғана сезетіндей. Самат Қапақов әр түрін қолына алып таныстыра бастады.

- Менде қазір көбіне «бакинцы» деп аталатын түрі. Әрқайсысының аттары да бар – Сары, Ақ, Қара, Қара мойын, Сұр құйрық, т.б. Олардың көбін Ақтау қаласынан алдырамын. Жалпы кептер тазалықты өте жақсы көреді. Егер тазалығына көңіл бөлмесең, тез ауырып қалады. Ауырған көгершінді бөлек ұстау керек. Себебі, басқаларға жұқтыруы мүмкін. Сондықтан, 10 күндей бөлек оқшаулау шарт. Ол үшін арнайы екінші үйшік жасап қойдым, - дейді құсшы.

Ауырып қалады демекші Самат Қапақов көгершіндерін өзі емдей береді екен. Дәрілерін арнайы дәріханалардан алдырады. Оның көгершіндерді қатты жақсы көретіні жүзінен көрініп тұр. Оларға балаша қарап, екі-үш мезгіл тамақтандырады. Арнайы жемін де алдын-ала дайындап, бидай, жүгерімен қоректендіреді.

«Жұмыста вахтада жүргенде көгершіндерімді қатты сағынамын. Соларды ойлап, уайымдап отырамын. Сол себепті, жұмыстағы басшыларыма көгершіндерімді жұмыс орнына алып келіп, осы жерде өсіруге өтініш білдірдім. Басшылығым да қарсылық білдірмеді. Осылайша, олардың жартысын Жамансор мұнайшылар қалашығына алып келіп, 3 күнде үйшік салып, жұмыстан бос уақытымда асырап-баптауыма мүмкіндік берді, - дейді ол.

Көгершіндер аспанда ойнақтап ұшып, бір мезетте бұлттардың арасына кіріп, көзге көрінбей кетті. Шамамен, 5 сағаттай аспанда қалықтап, үйге кері оралады. Ал, жұмыртқа-балапандары бар жұптар үйге ерте келуге асығады.

АҚ КӨГЕРШІН, КӨГЕРШІН, ҚОЛҚАНАТ ҚҰС СЕН ЕДІН...

- Көгершінді өсіру, ең алдымен, денсаулыққа пайдалы. Аспанда қалықтап ұшқан кептерге ұзақ қарап тұрсаң, көзің жасаурайды. Жасынды сұрткенде, көздің нұры ашылады. Жыл сайын медициналық тексеруден өткенде,



көзімнің көру қабілеті 100% жақсы деген қорытынды аламын. Сонымен қатар, жоғарыға жиі қарғап, мойыныңды жан-жаққа бұрасың. Бұл мойын тұсындағы тұздардың ыдырауына, соның негізінде остеохондроздың болмауына септігін тигізеді, - деген Самат Қапақов көгершінді өсіру – медитация екенін де атап өтті. Көңіл-күйі болмаған кезде құстардың жанына барып, бір ауық қастарында болып сырласып, демалып қайтатынын да жасырмады.

Кептер тазалықты жаны сүйетін құс екенін жоғарыда атап өттік. Сондықтан, қоршаған ортаны қорғауға да тигізер пайдасы зор. Олар дәндермен қатар ұсақ жәндіктермен де қоректеніп, бақтар мен саябақтардағы жәндіктер популяциясын табиғи түрде реттейді. Яғни, өсімдік-талдарды зиянкестерден қорғайды.

Сонымен қатар, жерде шашылып жатқан дән, жарма, нан қоқыстарын жеп, көшелерді таза ұстауға көмектеседі. Бұл өз кезегінде кеміргіштердің (егеуқұйрықтармен тышқандардың) көбеюіне жол бермейді. Бұған қоса, көгершіндердің саңғырығы қалалық-ауылдық саябақтар мен жасыл аймақтардағы өсімдіктер үшін табиғи азотты тыңайтқыш қызметін атқарып, топырақты байытады.

ҚҰС ӨСІРУ - ОҢАЙ ШАРУА ЕМЕС

Көгершін өсіруді жанына серік етіп, ұжымдастарарасында «құсшы» атанып кеткен «Қайнармұнайгаз» МГӨБ басқармасы Кенбай мұнай және газ өндіру цехының мұнай

өндіру бригадасының 5 дәрежелі операторы Талап Нуриевтің де құс өсіруге сүйіспеншілігі бала кезде оянған. Қазір жасы елуден асқан ол бала кездегі хоббиінен қол үзбей, оны өмірінің ажырамас бөлшегіне айналдырды. Талап Нуриұлы махаббат символы саналатын бұл құстың сұлулығына қызыққанын айтады.

Ол 2013 жылдан бері Кенбай мұнайшылар қалашығында көгершін өсіріп келеді. Қасындағы ұжымдас жігіттерге үйретіп, өзі демалыста болғанда құстарына қарайлайтын ізбасарларды да «тәрбиелеген».

- Көгершіндер аталық және аналық болып жұптасып жүреді. Екі жұмыртқа басып, 18 күн дегенде балапан шығарады. Тірі жан ғой, балапандарына да ерекше қамқорлықпен қарайды. Тауықтан ерекшелігі – аталығы мен аналығы өздері жемге тойып алып, балапанын «құсып» қоректендіреді. Балапан әлсіз болғандықтан, өздігінен жем жей алмайды. Балапаны ұшып, қатарға қосылып кеткеннен кейін, аталық пен аналық тағы жұмыртқа басуға кіріседі. Бұған дейін ауарайының қолайсыздығына байланысты құстардың біразын үйге алып кеттім. Енді күн жылынғасын кері әкеліп жатырмын. Өзірге мұнда 7 кептер, үйде 20 шақтысы бар, - дейді Талап Нуриев.

Оның айтуынша, далалық аймақ және жемі сапалы болғандықтан, өндірісте құс баптау тиімді. Алайда, қырғи сынды жұртқыш құстардан сақтану керек.

- Далалықта тіршілік аз. Сондықтан, қала-ауылдардағыдай ит-мысықтардан сақтану оңайырақ. Сонымен қатар, құстардың ұлану қауіпі де жоқтың қасы. Дегенмен, әсіресе, қырғи құсы алаңдаушылық туғызады. Бұл – өте шапшаң әрі епті жұртқыш құс, негізінен, ұсақ торғайларды, кемірушілерді аулап қорек етеді. Кейде көгершіндерге де «шабуы» жасауы мүмкін, - дейді ол.

Нәзік тіршілік иесі болғандықтан, оларға ерекше күтім керек. Екі күн сайын құс ұясын дезинфекциялап, жуып тұрады екен. Жемдерінің сапасына, дәрумендеріне де аса көңіл бөледі.

PS.

Бүгінгі күні құс өсіру көбейіп кеткенімен, оның қадыр-қасиеті қаз қалпында. Көгершін – адалдықтың символы, татулық пен бірлік құсы. Әріптес кептершілеріміздің де көгершін асыраудағы негізгі мақсаты – елімізде тыныштық болсын деген тілек болса керек. ЕТ

НЕТВОРКИНГ АЛАҢЫ

Қызылорда қаласындағы іргелі ұжым – «ҚазГерМұнай» БК ЖШС мекемесінің базасында «KAZENERGY» Ассоциасының қолдауымен еліміздің энергетика саласында еңбек етіп жатқан қыз-келіншектер бас қосқан форум өтті. Шара «Көшбасшылыққа апарар жол: шеберлік пен трансформация және жауапкершілік» тақырыбына арналды.

Форумның мақсаты – энергетика саласындағы қыз-келіншектердің қоғамдағы ролін арттыру, олардың өзара табыстарымен бөлісуге мүмкіндік жасау. Заманауи әдістерді шебер меңгеруге ұмтылу.

Нетворкинг шарасына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі Гүлшара Әбдіхалықова, «КННК Интернационал в Казахстане» ЖШС Бас директорының еңбек ресурстары бойынша орынбасары Райхан Абдасилова, «КАЭС» ЖШС қаржы, экономика және инвестиция жөніндегі директоры, «KAZENERGY» ЭЭК төрайымы Айзада Аққайсиева, «KAZENERGY» Ассоциасының Атқарушы директоры Ләззат Ахмурзина және «Ембімұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «АЭС» АҚ ұжымдарынан әйелдер делегациясы қатысты.

Форумға қатысушылар алдында сөз алған «ҚазГерМұнай» БК ЖШС Бас директоры Зияш Қияқбаев бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелерге тоқтала келе, ұжымдағы табысты еңбектің тетігі бірлік, татулық екендігін айта отырып, осы жақсы қасиеттердің басы-қасынан әркез нәзікжандылардың табыла білетінін ерекше атап өтті. Қызылордалық іргелі ұжымның бүгінгі бағытын, соның ішінде, қыз-келіншектердің жан-жақты дамуына жасалып жатқан қолдау шаралары туралы баяндады.

Қызылорда қаласында өткен форумға Ембіліктер қатарынан қатысқан делегацияны «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, компанияның «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова бастап барды. Рысты Нұрғалиқызы шараға қатысушылар алдында сөз алып, «Мұнайшы қыз» клубының жұмысын баяндады. Биыл аталмыш клубтың құрылғанына 8 жыл. Осы кезең ішінде клуб мүшелерінің атқарған жұмыстарының есебі ретінде арнайы бейнеролик дайындалып, ол форумда көпшілік назарына ұсынылды.

Форумның спикерлері еркін түрде пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды. Олардың ортақ ойлары қыз-келіншектердің жана қоғамға бейімделулері, әйелдердің қоғамдық бастамаларға қатысуының маңыздылығы төңірегінде болды. Олардың қатарында болған «Ембімұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы



КӨШБАСШЫЛЫҚҚА АПАРАР ЖОЛ:

ШЕБЕРЛІК ПЕН ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Сәлима Әбитова форумға қатысушылармен өзінің қол жеткізген табыстарымен бөлісті. Әріптесіміз Сәлима өз пікірінде бүгінгі кең қолдауға ие болып жатқан жасанды

интеллектің күнделікті өмірде кең қолданып отырғандығына да тоқталды. Осы заманауи әдістің шығармашылықпен айналысуына себеп болғанын да айта өтті.

Түйін. Халқымызда «Әйел адам бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген ұлағатты сөз бар. Осы бір өнегелі пікірде қазақ халқының әйел адамның болмысына, оның тағдырына өте жоғары мән беретінін ұғыну қиын емес. Осындай нетворкинг алаңдарының әйелдерге берері мол.

Нетворкинг алаңы - тек таныстық орнататын жер емес, ол адамға жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын алаң. Оның ең үлкен пайласы – ортаңды кеңейтеді. Ал, орта өскен сайын ойымыз да, көзқарасымыз да, мүмкіндігіміз де өседі. Бүгінгі байланыс – ертеңгі үлкен жобаға себеп болуы әбден мүмкін.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі Гүлшара Әбдіхалықова:
«Адам капиталына басымдық беру, кәсіби мамандардың дамуына, соның ішінде әйел қауымдастығын дамыту – біздің ең негізгі бағыттарымыздың бірі. Өркеніет көшінен қалмаған табысты әйелдердің жетістікке жету жолдарын өзгелерге үлгі ретінде кең таратуға назар аударамыз. Осы мақсаттағы жұмыстарды жандандыра түсеміз»

«КННК Интернационал в Казахстане» ЖШС Бас директорының еңбек ресурстары бойынша орынбасары Райхан Абдасилова:
«Бүгінгі таңда әйелдің энергетика саласындағы ролі зор. Біздің міндет – сол мүмкіндіктерді көріп, қолдау көрсетіп, жаңа буынға жол ашу».

«КАЭС» ЖШС қаржы, экономика және инвестиция жөніндегі директоры, «KAZENERGY» ЭЭК төрайымы Айзада Аққайсиева:
«Көшбасшылық – бұл лауазым емес, әсер ету қабілеті. Әрбір қызметкер, соның ішінде, әйел адам өз ортасында өзгеріс жасай алады».

«KAZENERGY» Ассоциасының Атқарушы директоры Ләззат Ахмурзина:
«Трансформация – бұл үзіліссіз даму. Жаңа дағдылар мен білімге ашық болу – табыстың негізгі кілті».



МЕМЛЕКЕТТІК РЕФОРМА

Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституция 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енеді.


Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы ел тарихындағы аса маңызды әрі тағдырлы кезеңнің бастауы болып отыр. Бұл құжат мемлекеттің егемендігі мен дербестігін нығайтуға, саяси жүйені жаңғыртуға және қоғамдық дамудың жаңа моделін қалыптастыруға бағытталған.

Елімізде қабылданған жаңа Конституциялық өзгерістер көп адамға күрделі болып көрінуі мүмкін. Бірақ, шын мәнінде, оның негізгі мақсаты – мемлекет басқаруын әділ, ашық әрі халыққа жақын ету.

ҚОҒАМҒА ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Бұрын елімізде шешімдердің көбі бір орталыққа – Президентке тәуелді болды. Жаңа өзгерістер осы жүйені жұмсартып, билікті бірнеше тармақ арасында бөліп беруге бағытталған. Енді Парламенттің рөлі күшейіп, маңызды шешімдер кенірек талқыланатын болады.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: СЯСИ ЖАҢҒЫРУҒА ДАҢҒЫЛ ЖОЛ



қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтуға жасалған маңызды қадам болып саналады.

АТА ЗАҢНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Жалпы алғанда, Конституцияның 77 бабына түзетулер енгізіліп, негізгі мәтіннің 84 пайызы жаңартылған. Бұл – Ата Заңды түбегейлі жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформа екенін көрсетеді.

Жаңа редакцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы унитарлы мемлекет және басқару нысаны президенттік республика ретінде нақты айқындалды. Егемендік пен аумақтық тұтастық мемлекеттің мызғымас әрі негізгі құндылықтары ретінде бекітілді. Сонымен қатар, 4-бапта мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі – Қазақстан халқы екені нақты жазылды. «Республикалық референдум» ұғымы «жалпыхалықтық референдум» деп өзгертіліп, халықтың ел басқару ісіне тікелей қатысу тетіктері күшейтілді.

Ата Заңның жаңа мәтінінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация мемлекеттің стратегиялық дамуының негізгі тіректері ретінде қарастырылады. Цифрландыру үдерістерін жеделдету, ғылыми зерттеулерді қолдау, инновациялық экожүйе қалыптастыру және адами капиталдың сапасын арттыру – елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін шешуші факторлар ретінде айқындалады. Бұл бағыттар, әсіресе, жоғары білім беру ұйымдары мен ғылыми мекемелердің жауапкершілігін арттырып, олардың ұлттық дамудағы рөлін күшейтеді.

Тағы негізгі өзгерістің бірі – бір палаталы Парламентке, яғни, Құрылтайға көшу болмақ. Оның депутаттары партиялық тізім бойынша сайланады. Сайлау тамыз айында өтеді. Сонымен қатар, Құрылтай депутаттарының өкілеттіктері және олардың Үкіметпен өзара қарым-қатынасы нақтыланады. Бұл Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Күшті Президент, ықпалды Парламент, есеп беретін Үкімет» формуласына сәйкес жүзеге асады.

Тағы бір маңызды өзгеріс – сайлау жүйесіне қатысты. Енді депутаттардың бір бөлігі нақты аймақтардан сайланады. Яғни, халық өз өңірінен шыққан өкілді таңдап, оның жұмысын тікелей бағалай алады. Бұл депутаттардың халық алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Жалпы алғанда, жаңа Конституция қоғамға үш негізгі нәрсе береді:

- біріншіден – әділдікке жақын жүйе,
- екіншіден – халықтың пікірін ескеретін басқару,
- үшіншіден – құқықтарды қорғаудың нақты тетіктері.

Бұл реформаның бастамасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында көтерілген болатын. Президент елдің саяси жүйесін кешенді жаңғырту, жасанды интеллект пен цифрлы технологиялар дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беру қажеттігін атап өткен еді.

Жаңа Конституция жобасының басты басымдықтарының бірі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту, заң үстемдігін қамтамасыз ету және әділетті қоғам құру. Сонымен қатар, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен жауапкершілікті арттыру, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және азаматтық қоғам институттарының рөлін күшейту мәселелеріне ерекше мән берілген.

Яғни, қарапайым халық үшін ең маңызды жаңалықтардың бірі – өз құқықтарын қорғау мүмкіндігінің артуы. Конституциялық Сотқа тікелей жүгіну құқығы енгізілді. Бұл дегеніміз, егер сіздің конституциялық құқығыңыз бұзылды деп санасаңыз, оны жоғары деңгейде қорғауға мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, адам құқықтарына ерекше көңіл бөлінді. Өлім жазасына толық тыйым салынды, ал, адам құқықтары жөніндегі уәкілдің (омбудсменнің) мәртебесі күшейтілді. Бұл – әр азаматтың құқығы мемлекет үшін маңызды екенін көрсетеді.

Әрине, кез келген заңның тиімділігі оны қалай жүзеге асыратынымызға байланысты. Бірақ, бұл өзгерістер елдегі басқару жүйесін жанартуға және

Түйін. Жаңа Конституция шеңберіндегі реформалар Қазақстанның саяси жүйесін жаңғыртуға бағытталған кешенді қадамы болып табылады. Бұл өзгерістер билік тармақтарының теңгерімін қамтамасыз етуге, құқықтық мемлекетті нығайтуға және азаматтардың саяси қатысуын кеңейтуге негіз болмақ.

Сонымен қатар, реформалардың табысты болуы олардың нақты іске асырылуына, институционалдық тетіктердің тиімділігіне және қоғамның белсенді қатысуына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституциялық өзгерістер елдің демократиялық даму жолындағы маңызды кезең ретінде бағаланады. ET

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: БАҒЫТ, ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ЫҚПАЛ

1. ЖАЛПЫ КОНТЕКСТ: НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ БОЛДЫ?

Жаңа Конституциялық өзгерістер, ең алдымен, мемлекет басқару моделін қайта қарауға бағытталған. Бұған дейінгі жүйе суперпрезиденттік сипатта болса, жаңа модель:

- * билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті күшейтуге;
- * Парламент рөлін арттыруға;
- * азаматтардың саяси қатысуын кеңейтуге бағытталған.

Бұл өзгерістер саяси модернизацияның бір бөлігі ретінде қарастырылады.

2. НЕПІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Саяси жүйе трансформациясы

- * Президент өкілеттігінің бір бөлігі Парламентке беріледі;
- * Президенттің партия мүшелігіне шектеу қойылады;
- * Туыстарының мемлекеттік қызметте жоғары лауазым алуына тыйым күшейеді.

Бұл — биліктің шоғырлануын азайтуға бағытталған қадам.

ПАРЛАМЕНТТІҢ КҮШЕЮІ

- * Мәжіліс депутаттарының бір бөлігі бірмандаттық округтер арқылы сайланады;
- * Заң шығару процесінде Парламенттің ықпалы артады.

Бұл — өкілдік демократияны нығайтуға бағытталған.

СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ

- * Конституциялық Сот қайта құрылды,
- * Азаматтарға тікелей Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы берілді;

Бұл — құқықтық мемлекет қағидатын күшейтеді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

- * Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі күшейтілді;
- * Өлім жазасына толық тыйым енгізілді.

Бұл — гуманизация және халықаралық стандарттарға жақындау.

3. БАҒЫТЫ: ҚАНДАЙ МОДЕЛЬГЕ ӨТУДЕ?

Жаңа Конституциялық өзгерістердің стратегиялық бағыты: Суперпрезиденттік Президенттік-парламенттік модель. Бұл модель:

- * билік тармақтарының өзара бақылауын арттырады;
- * саяси бәсекелестікті дамытады;
- * жауапкершілікті бөлісуді қамтамасыз етеді.

4. ӘЛЕУМЕТТІК-СЯСИ ЫҚПАЛ

Позитивті әсерлері

- * Азаматтардың саяси белсенділігі артуы мүмкін;
- * Сайлау жүйесіне сенім күшейеді;
- * Қоғам мен билік арасындағы диалог жақсартады.

ҚАУІПТЕР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

- * Реформалардың іске асуы саяси ерікке байланысты;
- * Институттар әлсіз болса, өзгерістер формалды болуы мүмкін;
- * Қысқа мерзімде нақты нәтиже байқалмауы ықтимал.

(Материал интернеттегі деректерден топтама форматында дайындалды)ш



ӨНЕР

БАЛА ТІЛЕГІ

Қара алтынды өндірген,
Әкем шебер менгерген.
Мұнайшы болу – шын бақыт
Арман қуып мен келем.
Әке-шеше аман болып,
Ұл-қыздарын қорғасын.
Фонтандары атқылап,
Ембімұнайгаз жасасын!

Нуриман МЕНДІБАЙ,
10 жаста.

Әкесі – Ғайнет Харесов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

СПОРТ

«Адамның бақыты — балада» деген халық даналығы текке айтылмаған. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады.

БІР ҮЙДІҢ ЕКІ ӨРЕНІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ ТОП ЖАРДЫ

Ата-ана баласының қай нәрсеге әуес екенін дер кезінде бақылап, оның қызығушылығын дамытуға күш салса, баласы болашақта дұрыс жол таңдайды. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Нұрбол Айтимов пен жұбайы Жадыра Райысова балаларына кішкентай кезінен осы бағытта ерекше мән берген. Бүгінде ұл-қыздары Әлихан (11 жаста) мен Айзере (12 жаста) – муайтайдан әлем, халықаралық турнирлердің жеңімпаздары.

Әлихан жуырда Түркияның Анталья қаласында өткен İtma international Antalya Cup турнирінде 36 салмақ дәрежесінде алтын медаль жеңіп алса, аталған додада Айзере 40 келі салмақ жекпе-жегінде күміс медальді еншіледі. Осылайша, бір үйдің екі баласы Түркия төрінде еліміздің көк Туын биікке көтерді.

Нұрбол Айтимовтың айтуынша, балалар кішкентай кезінен спортқа бейім болған.

«Сегіз аяқ-қол жекпе-жегі» деген екінші атымен де кеңінен танымал бұл жекпе-жек түрі ерекше ептілікті, күшті, шапшаңдық пен алғырлықты талап етеді. Мұнда ереже бойынша, жұдырықтармен, тізелермен, шынтактармен және аяқтармен соққы жасауға, сондай-ақ, қарсыласты қысып ұстауға толық рұқсат етіледі. Осындай күрделілігіне қарамастан, қос спортшы жаттығуларды қалт жібермей, бапкер Руслан Байтуғановтан жылдар бойы тәлім алып келеді.

Спорт жан-жақтылыққа, тәртіпке тәрбиелейтіні анық. Балалардың мектепте сабақ үлгерімі де жақсы. **ET**



БІЛІМ

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

НЕМЕСЕ ИТАЛИЯНЫҢ 5 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ШАҚЫРТУ АЛҒАН ҰЛЖАН

Дарынды бала – тек отбасының ғана емес, ұлт мақтанышы. Ел болашағының жарқын болуы білімді, жан-жақты тәрбие алған ұрпақтың қолында. Келер келешегіміздің келісті келбетін қалыптастыру олардың сапалы білім алуларына байланысты. Бұл ретте ата-ананың рөлі мен маңызы айтпаса да айқын.

Өзімізбен бірге еңбек етіп жүрген әріптес мұнайшылардың балалары осындай білімнің биік шыңын бағындырып жатқанын естігенде, қуаныш еселене түседі. «Ембімұнайгаз» АҚ кеніштік геология және кен орындарын игеру департаментінің бөлім бастығы Рауан Сабиловтың қызы Ұлжан Аманқосова бүгінде – АРЕС Petrotechnic жоғары колледжінің «Автоматтандыру және технологиялық процестерді басқару» мамандығы бойынша 4-курс студенті. Қазіргі таңда грант негізінде білім алып, жоғарылатылған шәкіртақы иегері болып табылады. Биыл аталған колледжді тәмамдайды. Қызыл дипломға үміткер.


Ұлжан кішкентайынан бойындағы қыз балаға тән нәзіктік, ілтипаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты қасиеттермен қоса оқуға зеректігімен, алғырлығымен ерекшеленіп келген. Оқу орнындағы барлық пәндер бойынша алған бағаларының орташа арифметикалық мәнін айғақтайтын GPA көрсеткіші максималды 4.0-дің 3.98-ін құрайды. Сонымен қатар, халықаралық деңгейдегі білім жетістіктеріне ие. IELTS көрсеткіші — 7.0 (C1 деңгейі); SAT — 1290 балл.

Ұлжан болашақта IT, жобалау және жасанды интеллект мамандығының иесі болуды армандайды. «Адамзатты кемелдікке білім ғана жетелейді» демекші, 18 жасар Ұлжан Италияның бірнеше беделді университеттерінен шақырту алған. Атап айтсақ, Università di Trento (Computer, Communication and Electronic Engineering бағдарламасы бойынша грант иегері), University of Padua (Information Engineering мамандығы), Ca' Foscari University of Venice (Computer Science – Data Science Curriculum (қос диплом бағдарламасы), Sapienza University of Rome (Sustainable Building Engineering мамандығы) және Università degli Studi di Messina (UNIME) — Civil Engineering, Data Analysis бағдарламасы.

Бұл оқу орындары – әлемдегі

бағдарлама — қос диплом мүмкіндігі бар халықаралық бағдарлама.

Sapienza University of Rome – Еуропадағы ең үлкен университеттердің бірі. QS рейтингінде тұрақты түрде



сұранысы жоғары оқу ошақтары саналады. Мәселен, Università di Trento - Италиядағы инженерия және IT бағыты бойынша ең мықты университеттердің бірі. Әсіресе Computer Engineering, AI, Electronics салаларында Еуропада беделі жоғары. Ұлжанды қабылдаған Computer, Communication and Electronic Engineering бағдарламасы — электроника, бағдарламалау, телекоммуникация және жасанды интеллект элементтерін біріктіретін заманауи инженерлік мамандық болып табылады. Ал, 1222 жылы құрылған University of Padua-да табиғаттану ғылымдарының негізін салған Галилео Галилей сабақ берген.

Ca' Foscari University of Venice – Венеция қаласында орналасқан халықаралық бағыттағы университет. Data Science және Computer Science салалары бойынша ағылшын тіліндегі бағдарламалары танымал. Ұлжан шақырту алған

жоғары орын алады. Ал, Università degli Studi di Messina – Сицилия аймағындағы танымал мемлекеттік университет. Engineering және Data Analysis бағыттарын ұсынады.

Болам деген бала алысқа қарайды. Оқу барысында Ұлжан EMERSON LLP, «Тенішевстрой» ЖШС және KMG PetroChem компанияларында өндірістік тәжірибеден өтіп, кәсіби бағытта да өзін жақсы қырынан көрсетті.

Әрине, бұл табыстар оңайлықпен келіп жатқан жоқ. Осы жетістіктерге Ұлжан жылдар бойы білім қуып, уақытпен санаспай, ізденіп, ерік-жігердің арқасында жетті. Дегенмен, оның жан-жақты білімі, тәрбиелі болып қалыптасуында ең әуелі ата-ананың еңбегі өлшеусіз. Баланың әр жетістігінің артында ата-ананың қолдауы, сабыры мен сенімі тұрады. Сондықтан, Ұлжанның жетістіктері – қыздарын аялап-мәпелеп, саналы тәрбие беріп отырған ата-анасына да зор қуаныш. **ET**

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmg.kz

Баспаханна: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

К.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

М.Куримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Кулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ

Instagram - @embamunaigas.kz

TikTok - @embamunaigas

Facebook - Ембілік Мұнайшы

You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.